

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚР БҒМ «М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ» ШЖҚ РМК



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

📍 160012, Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5
☎ (8-725-2) 21-01-41, факс: (8-725-2) 21-01-41
✉ canselyarya@mail.ru, info@ukgu.kz
f @official.ukgu.kz
@auezov_university

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті



«БЕКТЕМІН»
Ректор
тар.ғ.д., академик Қожамжарова Д.П.
«28» 09 2020 ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B07513 – Метрология

Тіркеу номері	- 6B075000 34
Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6B07 -Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары
Даярлау бағыттарының коды мен жіктелуі	6B075 – Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)
Білім беру бағдарламаларының тобы	B076– Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)
Білім беру бағдарламасының түрі	Қолданыстағы ББ
ББХСЖ бойынша деңгейі	6
ҰБШ бойынша деңгейі	6
СБШ бойынша деңгейі	6
Оқу тілі	қазақ, орыс, ағылшын
Түптік оқу мерзімі	4 жыл
Оқу нысаны	Күнделігі, ҚББЖ
Білім беру бағдарламасының еңбек сыйымдылығы, кем емес	241 кредит
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
Серіктес-ЖОО (ҚББ)	-
Серіктес-ЖОО(ҚДББ)	-
Әлеуметтік серіктес(ҚББ)	-

Шымкент, 2020 ж.

Құрастырушылар:

Т.А.Ә.	қызметі	қолы
Түлекбаева А.К.	т.ғ.ж., доцент	
Бекібаев Н.С.	т.ғ.д., профессор	
Кенжетханова М.Б.	Магистр, аға оқытушы	
Амангелді Д.	Топ студенті ММГ-19-12р	
Бәйділді К.	Топ студенті ММГ-19-12р	
Ескараев Б.А.	Шымкент қаласының Техникалық реттеу және метрология Комитет Департаментінің	



Білім беру бағдарламасы «Механика және мұнайгаз ісі» бағдарламасының Өдістемелік комиссиясында қаралды, «16» 02 2020ж. № 4 хаттама.

ОК (комитет) төрағасы Досмаханбетова А.А.
қолы
«16» 02 2020ж. № 4 хаттама.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ Оқу-әдістемелік Кеңесінің мәжілісінде талқыланып, бекітуге ұсынылды.

«16» 02 2020ж. № 4 хаттама.

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен бекітілді.

«16» 02 2020ж. № 10 хаттама.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	5
1.	Білім беру бағдарламасының паспорты	7
2.	Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері	8
3.	Білім беру бағдарламасын бітіруші түлектің құзыреттері	9
4.	Білім беру бағдарламасының модульдер кескінінде меңгерілген кредиттер көлемімен көрсетілген жиынтық кесте	10
5.	Пәндер туралы мәліметтер	11
	Келісім парағы	33
	Қосымша 1. Жұмыс берушінің пікірі	34
	Қосымша 2. Сараптамалық қорытынды	35

Кіріспе

1. Қолдану аясы

ҚРБілім және ғылым министрлігінің ШЖҚ РМК М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде 6B07513 - Метрология білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврлар дайындауды жүзеге асыруға арналған.

2. Нормативтік құжаттар

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (04.07.2018 ж. енгізілген өзгертулермен толықтыруларымен);

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылдың 31 қазанында №17657 болып тіркелген);

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 10 маусымдағы № 635 қаулысымен бекітілген 2020 жылға дейін техникалық реттеу және метрология жүйесін жетілдірудің кешенді жоспары.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығына 2018 жылғы 12 қазандағы №563 бұйрығымен енгізілген өзгертулер мен толықтыруларымен;

ҚР БҒМ 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 бұйрығымен бекітілген, кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру және жүргізу қағидалары және іс-тәжірибе базасы ретінде ұйымдарды айқындау ережелері (өзгеріс пен толықтырулармен 2018 жылғы 29 қыркүйектегі № 521);

«Метрология» кәсіби стандарты («Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының 2018 жылғы 22 қазанындағы № 283 бұйрығына қосымша).

Кәсіби стандарт: «Өлшемдердің біркелкілігін қамтамасыз ету» (Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Төрағасының орынбасарының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 270 бұйрығына № 3 қосымша)

«Машина жасаудағы процестерді метрологиялық қамтамасыз ету және бақылау» кәсіби стандарты («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының орынбасарының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 269 бұйрығына № 43 қосымша);

3. Білім беру бағдарламасының тұжырымдамасы

Білім беру бағдарламасының мақсаты университеттің миссиясына сәйкес және білімі үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін, кәсіпкерлік дағдыларды игерген, үш тілді еркін меңгерген, тұжырымдамалық, аналитикалық және логикалық ойлауға қабілетті, кәсіби қызметке шығармашылықпен қарайтын, ұлттық және интернационалдық ұжымда жұмыс істеуге қабілетті, өмір бойы оқу стратегиясын қолдайтын еліміздің зияткерлік элитасын дайындауға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы ҚР Ұлттық біліктілік шеңберінің 6 деңгейімен, «Техникалық реттеу саласындағы қызметтер» салалық біліктілік шеңбері, Дублин дескрипторларымен, Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің біліктілік шеңберінің 1 циклімен, (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area), сонымен қатар өмір бойы білім алу үшін Еуропалық біліктілік шеңберінің 6 деңгейімен (The European Qualification Framework for Lifelong Learning) үйлесімділікте әзірленген.

Білім беру бағдарламасы кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру арқылы стейкхолдерлердің талаптарын ескере отырып түзетілген ғылыми-зерттеу, тәжірибелік

және кәсіпкерлік қызметтің қажетті түрлерімен байланысты кәсіби және әлеуметтік тапсырысқа бағытталған.

6B07513 –Метрология ББ өзектілігі, метрологияның-еліміздің барлық экономика салаларындағы өлшем бірлікті қамтамасыз ету бойынша халықаралық құрал болып табылатындығымен, ол кез-келген кәсіпорындар мен ұйымдарда сұранысқа ие, өндірісті метрологиялық қамтамасыз ету, сынау және өлшеу саласындағы жоғары білікті және құзыретті жетекші мамандардың болуымен анықталынады.

Білім беру бағдарламасы Болон процесінің принциптерін, студенттерді орталықтандыра оқыту, қол жетімділік пен инклюзивтілікті қолдана отырып, білім беру процесін ұйымдастыру арқылы оқыту нәтижелеріне жетуді мақсат тұтады.

Бағдарлама бойынша оқыту нәтижелеріне келесідей оқу іс-шараларын жүзеге асыру арқылы қол жеткізіледі:

- аудиториялық сабақтар: дәрістер, семинарлар, практикалық және зертханалық сабақтар – инновациялық оқыту технологияларын қолданумен, ғылым, технология, өлшеу және өлшеу техникасы, ақпараттық жүйелердің жаңа жетістіктері арқылы жүргізіледі;

- сабақтан тыс сабақтар: білім алушының өзіндік жұмысы, оның ішінде оқытушының басшылығымен, жеке кеңес беру сабақтары;

- өлшеу құралдары мен сынау жабдықтарының жағдайын және бақылауды қамтамасыз ететін метрологиялық қызметі бар,жүргізілген өлшеулердің жүйелілігі мен шынайылығын қамтамасыз ететін, метрология саласындағы нормативтік құжаттарды әзірлейтін және жаңғыратын, барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда және қызмет түрлерінде кәсіби іс-тәжірибені жүргізу, СҒЗЖ орындау курстық және диплом жұмыстарын (жобаларын) орындау.

Университетте академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті қолдауға, білім алушыға көрсетілген төзбеушілік және кемсітушіліктің кез келген түрінен қорғауға байланысты шаралар қабылданған.

Білім беру бағдарламасының сапасы оны әзірлеуге және бағалауға стейкхолдерлерді тарту мен оның мазмұнына жүйелі түрде мониторинг және шолу жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі.

4. Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 31.10.2018ж.№600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес белгіленген.

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1.1 Мамандық бойынша білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері

Білім беру бағдарламасының мақсаты: метрология саласындағы нормативтік құжаттардың, өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесінің талаптарын және жағдайын білу негізінде түрлі өнеркәсіп салалары үшін метрологияның ғылыми, қолданбалы және ұйымдастырушылық негіздерін өз бетінше таңдай және қолдана алатын, өндірісті метрологиялық қамтамасыз ету және сынау мен өлшеудің заманау жағдайын талдай және бағалай алатын мамандарды даярлау.

Білім беру бағдарламасының міндеттері:

- қоғамда әлеуметтік-жауапкершіліктік тәртіпті қалыптастыру, кәсіби әдеп нормаларын түсіне білу және оны сақтау;
- бүкіл өмір бойы оқуды жалғастыруға мүмкіндік беретін, кәсіби мансапта кездесіп отыратын барлық өзгермелі жағдайларға бейімделе алатын базалық бакалавр дайындығын қамтамасыз ету;
- жалпы жоғары интеллектуалдық даму деңгейіне жету үшін жағдай жасауды, сауатты, әрі жетік сөйлей білуді, ойлау мәдениеті мен метрология, өндірісті метрологиялық қамтамасыз және сынау мен өлшеу саласында еңбекті ғылыми ұйымдастыру дағдыларымен қамтамасыз ету;
- метрология, өндірісті метрологиялық қамтамасыз және сынау мен өлшеу саласында бітірушілердің барынша жылдам жұмысқа орналасу мүмкіндігін қамтамасыз ету немесе оқытудың келесі сатыларында оқуды жалғастыру үшін бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру;
- метрология саласында сұранысқа ие мамандарды дамыту және қалыптастыру бойынша қоғамның әлеуметтік, еңбек нарығының тапсырысын орындау;
- метрология саласында кейінгі табысты кәсіби қызмет үшін негізгі, пәндік және кәсіби құзыреттілікті меңгеру;
- білім алушылардың метрология саласында эксперименттік зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға және өткізуге дайындығын қалыптастыру.

1.2 Біліктілік және қызметтер тізімі

Осы білім бағдарламасы бойынша бітірген түлекке 6B07511 –Метрология мамандығы бойынша техника және технология бакалавры дәрежесі тағайындалады.

6B07513–Метрология бойынша бакалаврлар Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2012 жылғы 21 мамырдағы №201-ө-м бұйрығымен бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының Біліктілік анықтамасындағы біліктілік талаптарына сәйкес жұмыс өтіліне талаптар қойылмастан метрология маманы, метрология бойынша инженер, машина жасау процесінің инженері қызметтерін атқара алады.

1.3 Білім беру бағдарламасын бітірген түлекке біліктілігі туралы сипаттама

1.3.1 Кәсіби қызмет саласы

Кәсіби қызмет саласы болып өнімдер (қызметтер), процестер мен жүйелерге қойылатын талаптарды, ережелерді және талаптарды, оларды әзірлеу, оларды әзірлеу және өлшемдердің біркелкілігін, өндіруші мен тұтынушы үшін жоғары экономикалық тиімділікті қамтамасыз ету жүйесі объектілерінің сапасы мен қауіпсіздігіне бағытталған өнімдерді (қызметтерді) өндіруге қолдану, машина жасаудағы негізгі процестердің дәлдігі мен бақылануын қамтамасыз ету, аккредиттеу аймағына сәйкес калибрлеу немесе калибрлеу зертханасы қызметі аясында кәсіби қызметтер ұсыну, ӨОӘ әзірлеу және

метрологиялық сертификаттау, метрология саласындағы нормативтік құжаттарды әзірлеу және метрологиялық сараптау.

1.3.2 Кәсіби қызмет нысандары

Бітіруші түлектердің кәсіби қызмет нысаны өнім (қызмет) және технологиялық процестер, өндірістің және сынақ зертханасының жабдықтары, калибрлеу, калибрлеу зертханалары, өлшеу әдістері мен құралдары, сынау және бақылаудың нормативтік құжаттары, өндірістік, әлеуметтік және экологиялық қызметтері метрологиялық қамтамасыз ету жүйесі табылады.

1.3.3 Кәсіби қызмет пәндері

ОП 6В07513–Метрология бойынша бакалаврдың кәсіби қызмет пәндері болып метрология саласындағы нормативтік және нормативтік-техникалық құжаттар, өлшеу құралы, сынау және бақылау, метрологиялық қамтамасыз ету, машина жасаудағы технологиялық бақылау және метрологиялық қамтамасыз ету, бәсекеге қабілетті өнім (қызмет) өндірісінің өндірістік - техникалық құжаттары табылады.

1.3.4 Кәсіби қызмет түрлері

6В07513 - Метрология мамандығы бойынша бакалавр келесі кәсіби қызметтерді атқара алады:

- ұйымдастыру-басқару;
- өндірістік-технологиялық;
- есептік-жобалық;
- эксперименталды-зерттеу

2. Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері

ОН1 Кәсіби ортада және социумда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде еркін сұхбаттаса алу.

ОН2 Кәсіби қызметінде жаратылыстану-ғылыми, математикалық, қоғамдық, әлеуметтік- экономикалық және инженерлік білімдерін, теориялық және тәжірибелік зерттеулердің мәліметтерін, метрология мен өндірісті метрологиялық қамтамасыз ету, сынау және өлшеуді экономикалық талда элементтерін көрсету.

ОН3 Ақпараттық және есептеу сауаттылығына ие болу, өлшеу ақпаратын жинақтау, талдау және қабылдау, мақсат қою және оған қол жеткізудің жолдарын таңдау математикалық модельдеу әдістерін, өнім сапасын техникалық және метрологиялық бақылауды, тексеру және калибрлеу құралдарын қолдана отырып, өлшеу және тестілеу әдістерін жобалауда заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, оған қол жеткізудің жолдарын таңдау, процестер мен жүйелер таңдай білу.

ОН4 Өлшем бірлікті қамтамасыз ету заңнамасына сәйкес өндірісті метрологиялық қамтамасыз ету саласындағы жұмыстарды жоспарлау, аспап жасаудың қазіргі жетістіктері, ӨҚ өндірушілері нарығы, ӨҚ және жабдықтардың жағдайына техникалық бақылау жүргізу, жұмысшы ӨҚ және шама бірлігі эталонына қажеттілікті анықтау, оларды таңдау барысында әдістемелік жетекшілік жасау, кәсіпорынның бөлімшелерін метрология саласындағы қажетті нормативтік құжаттармен қамтамасыз ету, өндірістік-техникалық нормативтік құжаттарды жаңғыртылу жағдайында ұстау.

ОН 5 Өлшеу құралдарын тексеру/калибрлеу жұмыстарын орындауға қабілетті болу, приборлар мен автоматтандыру құралдарын метрологиялық қамтамасыз ету, жабдықтарды жетілдіру бойынша жұмыстарды жоспарлау, технологиялық жабдықтың орнатылған дәлдік нормасына сәйкестігіне тексеруде өндірілетін өнімге тәжірибелік сынау жүргізудің технологиялық процесі барысында арнайы өлшеулерді жүргізу.

ОН 6 ӨҚ және жабдықтың жағдай, оны монтаждау мен пайдалану үшін тұрақты мониторинг жүргізу, жаңа өндірісті метрологиялық қамтамасыз ету жоспарының

орындалуы туралы есептерді дайындау үшін қажетті мәліметтерді жүйелендіру және өңдеу, ескірген, пайдалануға жарамсыз өлшеу құралдары мен жабдықтарына талдау жүргізу.

ОН 7 Бақыланатын параметрлердің нақты мәнін анықтау үшін дәл өлшеу жүргізу, техникалық оқу, сұрыптау және нормативтік құжаттарды, инженерлік және соған байланысты салалардағы нормативтік-құқықтық актілерді сыныптау, ӨҚ, ӨОӨ, стандарты үлгілерді қолдану үшін метрологиялық бақылау жүргізу, өлшеу, сынау және бақылау құралын, жұмысшы эталондарды, стандарты үлгілерді жедел есепке алу дағдысын меңгеру керек.

ОН 8 Пайдалану барысындағы ӨҚ қабыл алмау себебін, технологиялық режимнің бұзылуын, өнімнің жарамсыздығын, өлшеу, сынау және бақылау құралының жағдайына қатысты болатын өндірістегі шикізат, материал, энергия және басқада өндірістік шығындарды талдай білу.

ОН 9 Өлшеу құралының нормаларын, ережелерін сақтау үшін метрологиялық және техникалық бақылау жүргізу, эталондық базаны, тексеру жабдықтарын және өлшеу құралдарын жаналау және бақылау жүргізу, өлшеу құралдарын тексеру/калибрлеу, сынау жабдықтарын аттестаттау жұмыстарды ұйымдастыру, ҚР МӨЖ реестрімен, ТМД, ТО/ЕвразО елдерінің техникалық реттеу және метрология саласындағы веб-сервистермен жұмыс жасау.

ОН 10 Өлшеу құралдары мен жабдықтарын таңдауда, өндірісті, өлшеуді, сынау мен бақылауды метрологиялық қамтамасыз етуге ішкі құжаттарды әзірлеуде өлшем бірлікті қамтамасыз ету жүйесінің заңнамалық және нормативтік құжаттарының талаптары мен жағдайларын қолдану.

ОН 11 Зерттеу, кәсіпкерлік дағдыларын пайдалану және өнім, процесс және қызмет сапасын басқарудың жалпы жүйесінде жұмыс жасау дағдысы болу.

ОН 12 Жеке түрде және команданың мүшесі ретінде тиімді жұмыс жасау, өз көзқарасын дәлелдей алу, өзінің ісін түзете білу және өндірісті метрологиялық қамтамасыз ету, сынау мен бақылауды жетілдіру үшін түрлі метрология тәсілдерін қолдана алу.

3 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БІТІРУШІ ТҮЛЕКТІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІ

3.1 Білім беру бағдарламасы бойынша оқуын табысты тәмамдау түлектің келесідей құзыреттіктерін қалыптастыруға ықпал етеді:

- шешуші құзыреттіліктер (ШҚ)
- кәсіби құзыреттіліктер (КҚ).

Шешуші құзыреттіліктер:

(ШҚ1) *ана тілі саласында*

- стандарттау және сертификаттау саласында ұғымдарды, ой, сезім, фактілер мен пікірлерді жазбаша және ауызша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) білдіру және түсіну қабілетін, сондай-ақ оқу кезінде, жұмыста, үйде және бос уақытында лингвистикалық және шығармашылық тұрғыдан жан-жақты қоғамдық және мәдени контексте тиісті түрде меңгеру қабілеті;

(ШҚ2) *шет тілдері саласында*

- шет тіліндегі коммуникациялардың негізгі дағдыларын—кәсіби саладағы ұғымдар, фактілер мен пікірлерді тиісті әлеуметтік және мәдени контексте ауызша және жазбаша түрде (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) түсіну, білдіру және түсіндіру дағдыларын, медиация және мәдениетаралық түсінік дағдыларын меңгеру қабілеті;

(ШҚ3) *іргелі математикалық, жаратылыстану-ғылыми және техникалық дайындық*

- ЖОО-да математикалық, жаратылыстану-ғылыми, техникалық пәндерді оқытуда білім беру әлеуетін, тәжірибесі мен жеке қасиеттерін қолдана білуге дайын болу және меңгеру, кәсіби міндеттерді шешуде бақылау және бағалау тәсілдерін айқындау, математикалық және жаратылыстану-ғылыми жағынан ойлауды дамыту қабілеті;

(ШҚ4) компьютерлік

- жұмыста, бос уақытта және коммуникацияларда заманауи ақпараттық және сандық технологияларды сенімді, әрі сыни тұрғыда пайдалану, оларды қолдануда, қалпына келтіру, бағалау, сақтау, өндіру, таныстыру және компьютер арқылы ақпарат алмасу дағдыларын меңгеру, кәсіби қызмет саласында Интернет арқылы ынтымақтас желілерде қарым-қатынас жасау және қатысу қабілеті;

ШҚ5 әлеуметтік

- қоғамдық пікірге, дәстүрлер, салттар, нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды меңгеру және оларға өзінің кәсіби қызметінде сүйене білу қабілеті; Қазақстан халықтарының мәдениетін білу және олардың дәстүрлерін сақтауға бағытталу; Қазақстанның құқықтық жүйесінің негіздерімен заңнамасын білу; қоғамның әлеуметтік даму үрдістерін білу; түрлі әлеуметтік жағдайларда жұмыс істей білу; мәмілеге келе білу, өз пікірін ұжым пікірімен сәйкестендіре білу; іскери әдеп нормаларын, әдеп және құқықтық нормаларды меңгеру; кәсіби өсу және жеке тұлға ретінде дамуға талпыну; командамен жұмыс жасай білу, өз көзқарасын жетік дәлелдей алу, жаңа шешімдер ұсына білу; басқа индивидтарға қатысты толеранттылық таныта білу қабілеті.

ШҚ6 экономикалық, басқарушылық және кәсіпкерлік

- экономиканы мемлекеттік реттеу мақсаттары мен әдістерін, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлін білу және түсіну; экономикалық білім негіздерін меңгеру; сыни ойлау, интерпретация, талдаудың креативтілігін, қорытынды шығару, бағалау дағдыларын меңгеру; метрология саласында кәсіби міндеттерге қол жеткізу үшін жобаларды басқару, персоналды басқара білу, кәсіпкерлік дағдыларын көрсете білу қабілеті.

ШҚ 6 оқу

-магистратурада білімін жалғастыру және күделікті кәсіби жұмысы үшін қажетті өлшеу құралдарын, сынау жабдықтарының қолданылуын және жағдайын, олардың дер кезінде тесеруден калибрлеуден, аттестаттаудан өтуін, техникалық және метрологиялық бақылау үшін өлшем бірлікті қамтамасыз ету жүйесінің нормативтік және әдістемелік, заңнамалық құжаттарын қолдану қабілеті, метрологиялық қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды регламенттейтін ұйымның нұсқаулары мен бұйрықтарын, жағдайларларын әзірлеу мен жаңғыртуды, бақыланатын параметрлердің нақты мәнін анықтау үшін дәл өлшеу жүргізу, ОК, ӨОӨ, стандарты үлгілерді қолдану үшін метрологиялық бақылау жүргізу, өлшеу, сынау және бақылау құралын, жұмысшы эталондарды, стандарты үлгілерді жедел есепке алу, өлшеу құралының нормаларын, ережелерін сақтау үшін метрологиялық және техникалық бақылау жүргізу, эталондық базаны, тексеру жабдықтарын және өлшеу құралдарын жаналау және бақылау жүргізу, өлшеу құралдарын тексеру/калибрлеу, сынау жабдықтарын аттестаттау жұмыстарды ұйымдастыру, ҚР МӨЖ реестрімен, ТМД, ТО/ЕвразО елдерінің техникалық реттеу және метрология саласындағы веб-сервистермен жұмыс жасау дағдысы болуы керек.

ШҚ7 мәдени дайындау

- Қазақстан халқының дәстүрі мен мәдениетін білу және түсіну, әлемнің басқа халықтарының дәстүрі мен мәдениетіне толерантты болу, толеранттылықта төзімділік таныту, жоғары рухани қасиеттерге ие бола білу, зиялы адам ретінде қалыптасу қабілеті.

ШҚ9 қосымша құзыреті

- сыни ойлай білу, түсіндіру, шығармашылық талдау, қорытынды шығару, бағалау

дағдыларын меңгеру; креативті және белсенді өмірлік позициясы бар болуы; кәсіби сипаттағы тәуекел және белгісіздік жағдайларда шешім қабылдай алу қабілеті.

3.2 Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелері мен модульдердің жалпы қалыптасқан құзыреттіліктері ара қатынасының матрицасы

	H1	H2	H3	H4	H5	H6	H7	H8	H9	H10	H11	H12
ШҚ1		+				+				+		
ШҚ2			+	+		+		+				+
ШҚ3		+	+						+			
ШҚ4			+		+			+				
ШҚ5	+								+		+	+
ШҚ6	+			+			+	+				+
ШҚ7					+	+	+	+	+	+		
ШҚ8	+			+	+					+		
ШҚ9						+	+				+	+

4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МОДУЛЬДЕР КЕСКІНІНДЕ МЕНГЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР КӨЛЕМІМЕН КӨРСЕТІЛГЕН ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕ

Оқу курсы	Семестр	Менгерілген модульдер саны	Оқылатын пәндер саны			KZ кредиттер саны					Барлығы сағатпен	Барлығы кредит KZ	Саны	
			МК	ЖООК	ТҚ	Теория -лық оқу	Дене шынықтыру	Оқу практикасы	Өндірістік практика	Қорытынды аттестат тау			дана	диф. сынақ
1	1	5	3	4	1	810	60				870	31	5	4
	2	5	5	2	1	840	60	30			930	30	6	2
2	3	6	2	2	3	870	60				930	30	5	2
	4	6	2	3	3	840	60		90		990	30	5	4
3	5	5	1	2	4	900					900	30	6	1
	6	3		1	1	720			180		900	30	1	2
4	7	3		4		600					600	20	4	0
	8	3		1	3	600					600	20	3	1
	9	1								600	600	20	0	0
барлығы		37	13	19	16	6210	240	30	270	600	7320	241	35	16

5. Пәндер туралы мәліметтер

Модуль атауы	ЦИКЛ	ЖООК/ТК	Компонент атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит-тер саны	Қалыптасатын ОН (кодтары)
Қоғамдық ғылымдар модулі	ЖБП	МК	Қазақстанның қазіргі заман тарихы	Бұл ұлттық тарихтың тұжырымдамалық негіздерін жіктеуге, шығу тегіне, қазақ мемлекеттілігінің сабақтастығына және қазіргі Қазақстан тарихының өзекті мәселелеріне түсінік береді. Азаттық қозғалысы идеологиясын қалыптастыруда ұлттық интеллигенцияның қызметін талдау және Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жаңғырту кезеңдері. Демократиялық мемлекеттің қалыптасуын сипаттау.	5	ОН1, ОН2, ОН12
	ЖБП	МК	Философия	Философияның пайда болуының негіздері зерттеледі, ойлау мәдениетінің пайда болу ерекшеліктері ашылады, «философия», «дүниетаным» түсініктері, «болу», «сана» ұғымдарының мәні мен мазмұны ашылады. «Білім» және «шығармашылық» ұғымдарының арасындағы қарым-қатынас, бостандық философиясы санатының мәні мен мазмұны анықталды, философиялық мәселелердің мәнін анықтау, сын тұрғысынан ойлау, философиялық аспектілерді зерттеу дағдылары, тәжірибе мен таным мәселелері талқыланды.	5	ОН1, ОН2, ОН12
Әлеуметтік-саяси білімдер модулі	ЖБП	МК	Әлеуметтану және саясаттану	Саяси ғылымның қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері, оның ішінде жастар саясаты, қоғамдық өмірдегі саясаттың рөлі қарастырылған, мемлекеттің мәні анықталынады, мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы қарым-қатынас айқындалынады, оғамның әлеуметтік құрылымы зерттеледі. . Әлеуметтік-саяси ақпараттың талдауы, социологиялық зерттеулер дағдыларын дамыту.	4	ОН2, ОН4, ОН12
	ЖБП	ЖООК/ТК	Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері	Қоршаған ортамен (өнеркәсіптік, тұрмыстық, қалалық) қауіпсіз адаммен өзара әрекеттесу негіздерімен және қауіпті және өте қауіпті жағдайларда теріс факторлардан қорғаудың негіздерімен танысу. Төтенше жағдайлар саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын білу; адам денсаулығын сақтауды және төтенше жағдайларда тиімділікті қамтамасыз ететін проблемаларды шешуде алынған білімді қолдану	5	ОН2, ОН3, ОН5, ОН11
	ЖБП	ЖООК/ТК	Кәсіпкерлік дағдылары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	Компанияны ұйымдастыру, бизнесті жүргізу туралы білім қалыптастырады. Бизнес-жоспарлау, өндіріс және сату, нарықты талдау дағдыларын дамытады; пайда, кіріс, кірістілік, төлем қабілеттілігі, компанияның өтімділігін есептеу. Сыбайлас жемқорлық факторларының мәнін қарастырады.	3	ОН1, ОН2, ОН6, ОН12

				Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты, мәдениетті қалыптастырады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы азаматтық ұстанымды дамытады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың адамгершілік сана құндылықтарын түсінеді. Сыбайлас жемқорлықты сыни талдаудың дағдыларын қалыптастырады.		
	ЖБП	ЖООК/ТК	Экономика және құқық негіздері	Нарықты дамытуда, бәсекелестікке, сұранысқа, жеткізілімге мемлекеттің рөлін зерделейді. Шығындар, кірістер, айналым көрсеткіштері және капитал айналымын есептеу үшін дағдыларды қалыптастырады. Өндіруші факторлар нарығын, факторлық кірістерді сыни түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Құқық бойынша білім қалыптастырады. Ол оқиғалардың заңдылығын талдау, нормативтік актілерге сілтеме жасау дағдыларын үйретеді. Құқықтық сананың, құқықтық мәдениеттің деңгейін көтереді.		ОН1, ОН2, ОН6, ОН12
	ЖБП	ЖООК/ТК	Мәдениеттану және психология	Әлеуметтік-мәдени-психологиялық модуль пәндерінің негізгі білімі жүйесіндегі интеграциялық процестердің нәтижесі ретінде қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтарын түсіну; қазақстандық қоғамды жаңғыртудағы рөлі тұрғысынан психологиялық институттардың ерекшеліктерін талдау; қоғамда, оның ішінде кәсіби қоғамда жанжал жағдайларын шешуге арналған бағдарламаларды қалыптастыру; әлеуметтік маңыздылығы туралы өзінің пікірін дұрыс білдіруге және қорғауға қабілетті	4	ОН1, ОН2, ОН8, ОН12
Коммуникативті ұтқырлық модулі	ЖБП	МК	Қазақ (орыс) тілі	Адамдар арасындағы қарым-қатынас, әлеуметтік және мәдениетаралық қарым-қатынас саласында орыс (қазақ) тілінде когнитивті және коммуникативтік әрекеттерді дамыту. Этикалық, мәдени, әлеуметтік маңызды нормаларды пікірталастарда талқылау дағдыларын қалыптастыру, командада жұмыс істеу, командалық жұмыс, икемділік, шығармашылық. Мәтіндік ақпараттарды интерпретациялау бойынша практикалық дағдыларды дамыту, олардың әртүрлі салаларында стилистикалық, жанрлық ерекшеліктерін түсіндіру.	10	ОН1, ОН2, ОН4, ОН9, ОН10
	ЖБП	МК	Шетел тілі	Тілдік-мәдени, әлеуметтік-мәдени, танымдық, коммуникативтік құзыреттіліктердің еуропалық шкала Жалпы еуропалық құзыреттілік шкала бойынша А1 деңгейіне сәйкестік когнитивті және коммуникативті құзыреттілік болып табылады. А2 деңгейін Еуроп ақұзыреті шегінде - танымдық, әлеуметтік мәдени және коммуникативті құзыреттілікке сәйкестігі Жалпы еуропалық құзыреттілік шкаласы бойынша В1 деңгейіне сәйкес болулингво-мәдениеттанулық, әлеуметтік-	10	ОН1, ОН2, ОН4, ОН9, ОН10

				мәдени, когнитивтік, коммуникативті құзыреттілік болып табылады. деңгейінің В2 деңгейіне сәйкестігі.		
	ЖБП	МК	Дене шынықтыру	Денсаулықты нығайтуда, кәсіптік аурулармен зиянды әдеттерге жол бермеуде денешынықтырудың денсаулық сақтау жүйелеріндегі әсерін білу, әртүрлі қозғалыс құралдарын қолданып, жасанды және табиғи кедергілерді жеңе білуге, салауатты өмір салтының критерийлеріне сәйкес күнделікті режимді ұйымдастыруға, әртүрлі сыртқы орта жағдайларына тұрақтылықты жоғарлату үшін дене шынықтыруды құралдарын пайдалану дағдысын, жеке, ұжымдық және отбасылық мерекелерді ұйымдастыру және өткізу	8	ОН2, ОН12
	БП	ЖООК	Кәсіби қазақ (орыс) тілі	Кәсіби білімдермен дағдыларды іс-жүзінде пайдалану, шетел әдебиетінен кәсіби салада ақпаратты алу және бағалау, қатынасжасау, дау-шарлар, дағдарыстар мен пікірталастар дағдыларын пайдалану, кәсіби мәдениетте сөйлеу негіздерін меңгеру, сөйлеу мен жазуды қабылдаудың, түсінудің және көп қырлы талдаудың дағдыларын игеру, қарым-қатынастың белгілі бір жағдайында коммуникативтік мақсаттарға жету үшін тілдік құралдарды қолдануды, оқылатын тілдің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне сәйкес ауызша және жазбаша қарым-қатынас стратегиясын қалыптастырады	3	ОН1, ОН2, ОН4, ОН9, ОН10, ОН12
	КП	ТК	Қазақ латын жазуы негізіндегі қазақ әліпбиі	Қазақ тіліндегі дыбыстарды қалыптастыру, олардың айтылу ерекшеліктерін ескере отырып, латын жазуына негізделген қазақ сөздерінің және фразалардың фонетикалық ерекшеліктерін зерттеу. Латын әліпбиіне негізделген сауаттылық дағдыларын дамыту. Латын графикасы арқылы қазақ тіліндегі мәтіндерді оқу мүмкіндігі.	3	ОН1, ОН2, ОН12
	КП	ТК	Қазақ тіліндегі сөйлеу мәдениеті және коммуникация	Әдеби қазақ тілінің нормаларын білу. Қазақ тіліндегі сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, фразеологиялық айналымдарды, мақал-мәтелдер мен сөздерді қолдану арқылы ауызша және жазбаша сөйлеуді дамыту. Қазақ тілін тұлғааралық және кәсіби қарым-қатынаста қолдану дағдылары.		ОН1, ОН2, ОН10, ОН12
	БП	ЖООК	Кәсіби бағытталған шетел тілі	Кәсіби, ғылыми, коммуникациялық, курстық және шет тілдеріндегі мәтіндерді кәсіби деңгейде анықтайтын жағдайларда, ауызша және жазбаша сөйлеу ерекшеліктерін білу; лингвистикалық, ақпараттық-талдамалық және коммуникативтік аспектілерде кәсіптік қызметті жүзеге асыра білу, әртүрлі тілдік және сөйлеу құралдарын дұрыс қолдануға; іскерлік қарым-қатынастың тиісті деңгейін, кәсіптік-техникалық сипаттағы хабарларды есту және түсіну.	3	ОН1, ОН2, ОН4, ОН9, ОН10, ОН12

	ЖБП	МК	Ақпараттық - коммуникациялық технологиялар (ағыл.тілінде)	Компьютерлік жүйелерді, бағдарламалық қамтамасыз етуді білу. Ақпаратты іздеу және сақтау, электрондық кестелермен жұмыс істеу, дерекқорлармен жұмыс істеу үшін ақпараттық ресурстарды пайдалану дағдыларын дамыту. Веб-сайттарды, мультимедиялық презентациялар жобалау және жасауда ақпаратты қорғау әдістерін және құралдарын пайдалану. Электрондық үкімет пен электронды кітаптарды, түрлі мобильді технологтарды, SMART технологиясын басқаруды пайдалану дағдылары.		ОН3, ОН6, ОН9
Инженерлік-техникалық ғылымдар негіздері	БП	ЖООК	Жоғары математика	Сызықтық алгебра және аналитикалық геометрия элементтері қарастырылады, функцияның шегін есептеу мүмкіндігі дамытылады. Бір айнымалы функцияның дифференциалдық және интегралдық есептеулерін білу. Бірнеше айнымалылардың функцияларын түсіну. Дифференциалдық теңдеулерді оңтайлы шешудің дәлелдеуі. Көптеген интегралдарды табу дағдылары. Дәрежелік қатарлар және олардың қосындысы, функционалды, сандық теориясы бойынша теориялық білімдерді алу.	4	ОН2, ОН3, ОН6, ОН9
	БП	ЖООК	Физика	Кинематика, динамика, қатты дене механикасы, молекулярлық физика және термодинамика негіздерін білу. Электр және магнетизм, геометриялық және толқынды оптика бойынша белгілі бір дағдыларды меңгеру. Кванттық оптика, атом физикасы және атом ядросы физикасының мәселелерін шеше білу. Заманауи физиканың проблемаларын, сондай-ақ физикалық шамалардың жаңа стандарттарын талдай білу	4	ОН2, ОН3, ОН6, ОН9
	БП	ЖООК	Қолданбалы механика	Жалпы механиканың негізгі ережелері зерделенеді, механизмдердің пайда болу принципі және олардың жіктелуі, машина бөлшектері жұмысының критерийлері түсіндіріледі, механикалық жүйенің қозғалысын зерттеу үшін құрылымдық, кинематикалық және динамикалық талдау әдістері қарастырылады. Құрылымдарды аналитикалық және сандық әдістермен есептеу, өндірістік есептерді талдау, модельдеу және шешу үшін жобалау сызбаларын құру әдістерін қолдану дағдылары дамуда.	4	ОН2, ОН3, ОН6, ОН9
	БП	ЖООК	Инженерлік компьютерлік графика	Графикалық ақпаратты ұсынудың негіздері, геометриялық объектілерді графикалық модельдеу әдістері, жобалық құжаттаманы әзірлеу және жобалау дағдылары, құбылыстар мен процестердің графикалық модельдерін талдау.	3	ОН2, ОН3, ОН9
	БП	ЖООК	Химия	Химияның негізгі ұғымдары мен заңдарын үйрену. Химиялық процестердің, ерітіндідегі химиялық процестердің жүруінің жалпы заңдылығында заттарды құру. Химиялық байланыс, химиялық процестердің энергиясы және кинетикасы,	4	ОН2, ОН5, ОН7, ОН11

				химиялық тепе-теңдік. Химиялық қосылыстардың кластары және реакциялардың түрлері. Химиялық термодинамика және кинетика негіздері: термохимия; химиялық тепе-теңдік. Электролит ерітінділері. Тұздардың гидролизі. Электрохимиялық үдерістер.		
Өнім сапасын өлшеу және бағалау	БП	ЖООК	Метрология	Еліміздегі және шет елдердегі метрологияның заманауи жағдайын және тарихын, өлшеу түрлерін, олардың өлшем бірлігін қамтамасыз ету құралдары мен әдістерін білу, метрология саласындағы алдыңғы қатарлы нормативтік және заңнамалық талаптар мен жағдайларға талдау негізінде қажетті дәлдікке жету тәсілдерін түсіну, ӨҚ тексеру/калтрлеу жүргізу, өндірісті метрологиялық қамтамасыз ету, сынау, өлшеу және бақылау саласындағы НҚ әзірдеу және жаңғырту, ӨҚ, СЖ, СТ жұмыс істеу дағдысы.	3	ОН2, ОН4, ОН8, ОН10
	БП	ЖООК	Өлшемдердің жалпы теориясы	Әр түрлі физикалық шамаларды білу, СИ бірліктерінің халықаралық жүйесі, өлшеу әдістері, өлшеу қателіктерінің түрлерін білу, бөлу туралы заңдарды түсіну, өлшеу нәтижелеріне әсер ететін факторларды, схемаларын талдау, өлшеу нәтижелерін өңдеуге дағдылану, өлшенген мәндер және өлшеу құралдарының математикалық моделдерін орнату.	4	ОН5, ОН6, ОН8, ОН11
	БП	ЖООК	Квалиметрия	Өнім сапасының қадағалау және бақылау жүйесіндегі нормативтік-құқықтық актілерді, негізгі және құрылымдық ерекшеліктер мен өнім сипаттамаларын білу, квалиметрия мен стандарттау және сертификаттау арасындағы байланысты түсіну, өнімнің сапасын болжау және жоспарлау кезінде өнім сапасының көрсеткіштерінің құрамын пайдалану, өнім сапасы туралы деректерді талдау әдістері білу, жарамсыздықтың болу себептерін анықтауға дағдылану, салмақ коэффициенттерін анықтау, көрсеткіштердің эталондық және жарамсыздық мәндерін анықтау, сапаны кешенді бағалау және қасиеттер көрсеткішінің абсолютті мәндерін табу.	4	ОН5, ОН6, ОН8, ОН9
Өнімді бақылау, басқару және технологиялық сапасы	БП	ЖООК	Сынаудан өткізу, өнім қауіпсіздігі мен бақылау	Өнім сапасын қамтамасыз ету жүйесіндегі сынаудың мақсатын түсіну және білу, сынаудың технологиялық, математикалық, әдістемелік, метрологиялық және ақпараттық қамтамасыз етудегі заманауи даму деңгейін, сертификаттау және сынаудың сапа жүйелерін, сынауды жүргізу әдістерін және технологиясын пайдалана білу, сынау нәтижесін өңдеуге және жоспарлауға дағдылану, сынау нәтижелері бойынша өнімдердің сапасы туралы шешім қабылдау.	7	ОН5, ОН6, ОН8, ОН9
	БП	ЖООК	Оқу практикасы	Сызықтық-бұрыштық шамаларды, электрлік және жылу техникалық шамаларды өлшеу бойынша метрологиялық жабдықтармен, ҚР өлшем бірлікті қамтамасыз ету жүйесінің	1	ОН2, ОН4, ОН12

				құрылымымен, салалар бойынша метрология облысындағы НҚ және заңнамалық жағдайлар және талаптармен, метрологиялық қамтамасыз ету объектілерімен танысу негізінде алғашқы кәсіби қабілетке ие болу, метрология саласындағы НҚ жұмыс жасау, командада жұмыс істей білу		
	БП	ЖООК	Сапа жүйелері	Әр түрлі басқару жүйелеріне арналған халықаралық ИСО стандарттарын білу, кәсіпорынның бизнес-процестерін ескере отырып, таңдалған сапа жүйелеріне негізделген кәсіпорынның жалпы басқару жүйесін құрудың әдіснамалық принциптерін білу, сапа жүйелерін енгізу бойынша жұмыс жоспарлай білу, жалпы сапаны басқару үшін қажетті әдістерді, процестерді және ресурстарды дамыту дағдыларын, интегрирленген сапа жүйелерін, сонымен қатар жалпы басқару құрылымын меңгеру.	5	ОН4, ОН7, ОН9
	БП	ТК	Сапа аудиті	ХС ИСО 10011 бойынша сапа аудитін негіздерін білу және түсіну, кешенді тексеруді жоспарлау әдістерін және оны жүргізу әдістемесін қолдану, анықталған сәйкессіздіктерді талдау, аудит нәтижелерін бағалау дағдылану, сапа басқару саласында жұмыстарды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу	5	ОН4, ОН7, ОН9, ОН10
	БП	ТК	Сапа жүйелерін сертификаттау	Сапа жүйелерін сертификаттаудың теориялық және қолданбалы қағидаттарын білу және түсіну, әртүрлі сапа жүйелеріне арналған ИСО халықаралық стандарттарын, СЖ сертификаттауды жоспарлау және өткізу дағдыларын меңгеру, жүйедегі анықталған сәйкессіздіктер үшін СЖ сертификаттау нәтижелерін талдау, түзетуші және ескертуші іс-шараларды әзірлеу мүмкіндігі, сапа жүйесін сертификаттауды жетілдіру бойынша ұсыныстар бере білу		ОН4, ОН7, ОН9, ОН10
	БП	ЖООК	Өндірістік практика I	Өндірісті метрологиялық қамтамасыз ету, сынау, өлшеу және бақылау саласындағы теориялық білімді пысықтау, түрлі саладағы кәсіпорындардағы өндірістік өнім технологиясымен, өнім өндірісінің технологиялық параметрлерін метрологиялық бақылау бойынша жұмыстарды ұйымдастырумен, ӨҚ, СЖ тағайындалуымен, жұмыс істеу принципімен, конструктивті ерекшелігімен, техникалық сипаттамаларымен, оларды жөндеу технологиясымен, МҚЕ саласындағы қолданылатын НҚ танысу, жетекшілікте және командада жұмыс істей білу	3	ОН2, ОН4, ОН6, ОН10, ОН12
Өлшем бірлігін қамтамасыз ету жүйесі	БП	ТК	Дәлдікті нормалауды өлшеуіш бақылау	ӨҚ, СЖ өлшеу дәлдігін нормалау бойынша өлшеуіш бақылаудың негізін білуі және түсінуі, бақыланытын параметрлердің нақты мәнін анықтай білу, өлшеу сапасын талдау, технологиялық жабдықтың орнатылған дәлдік нормасына сәйкестігіне тексеруде өндірілетін өнімге тәжірибелік сынау жүргізудің технологиялық процесі	5	ОН2, ОН4, ОН7, ОН8, ОН10

				барысында арнайы өлшеулерді жүргізу.		
	БП	ТК	Сызықтық-бұрықтық өлшеулер дәлдігін нормалау	Сызықтық және бұрыштық шамаларды, оларлы өлшеу түрлері мен әдістерін білу, түзусызықтықтан және жазықтықтан ауытқудағы өлшем бірлікті қамтамасыз ету принциптерін түсіну, шақтамалар мен қондыруларды есептеу әдістемесін, түрлі бақылау-өлшеу құралдары мен приборларын қолдану аймағын, өлшеу құралының метрологиялық сипаттамаларын, өлшеу қателігінің түрлерін, өлшеуді орындау шартын талдай алу, шақтамалар мен қондырулар параметрлерін есептеу дағдысы, машина бөлшектерінің сызбаларындағы белгіленген дәлдік нормасын аша, бақылау-өлшеу құралдары мен приборларын таңдай және қолдана білу		ОН2, ОН4, ОН7, ОН8, ОН10
	БП	ТК	Метрологиялық қызметтің сапасын бақылау және басқару	Бақыланатын метрологиялық қызмет объектілерін білу, өндірісті метрологиялық қамтамасыз ету, сынау және өлшеу саласындағы бірлікті, жоғары сапаны және өнім қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін метрологиялық қызмет жұмысын жоспарлай білу, ӨҚ, СЖ тексеру/калибрлеу ұйымдастыру және жүргізу ерекшелігін талдау, ӨҚ монтаждау, қызмет көрсету, баптау, қайта баптау, өлшеу және прибор дәлдігін регламенттейтін НТҚ енгізу дағдысы	5	ОН5, ОН6, ОН7, ОН9
	БП	ТК	Пән мен тілді біріктіре оқыту	Өлшем бірлікті қамтамасыз етудің халықаралық жүйелерінде ағылшын тілі ролі мен орнын білу және түсіну, метрология, сынау және аккредиттеу үшін халықаралық ұйымдардың нормативтік базасымен жұмыс істеу қабілеті, ISO/ХЭК халықаралық стандарттарының ағылшын тіліндегі нұсқаларын оқуға дағдылану, «мұқаба» әдісімен аудару, метрология бойынша халықаралық нормативтік құжаттардың жаңа нұсқаларын жаңарту және шығару процестерін талдау.		ОН2, ОН4, ОН8, ОН12
	КП	ТК	Метрологтың технкалық орындаушының практикумы	ӨҚ тағайындалуын, техникалық сипаттамасын, конструктивті ерекшеліктерін, қолданылу принципін және оларды жөндеу технологиясын, өндірудің технологиялық негізін, өлшеулерді орындау әдістемесін, техникалық құжаттарды рәсімдеу ережесі мен толтыру тәртібін білу, жаңа ӨҚ, жабдықтарды жоспарлау және ендіре алу, ӨҚ, жабдықтардың жағдайына мониторинг жүргізу, монтаждау және пайдалану, өлшеулерді жүргізу дағдысы, техникаларды техникалық және метрологиялық қызмет көрсетуге даярлау, өлшеу және прибор дәлдігін регламенттейтін НТҚ енгізу дағдысы	4	ОН5, ОН6, ОН8, ОН11
	КП	ТК	Дозиметристтің технкалық орындаушының практикумы	ҚР заңдарды және басқада нормативтік құқықтық актілерді, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ережелері бойынша әдістемелік және нормативтік құжаттарды, дозиметриялық өлшеу жүргізу әдістемесін, әсер ету принципін,		ОН5, ОН6, ОН8, ОН11

				конструкциясын, приборлар мен жабдыктарды техникалық дайындау тәртібін, жабдықты сынаққа дайындай білу, дозиметриялық және радиометрикалық өлшеулерді жүргізу, жабдыктарды (приборлар, аппараттар) баптау, реттеу, және тексеру, оның дұрыс жағдайын бақылау, прибор көрсеткішін алу, жұмыс журналын жүргізу, есеп дайындау дағдысы.		
